

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ (1873-1938)





Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы 18 қаңтарда қазіргі Қостанай облысының Торғай өңіріндегі Сартүбек деген жерде дүниеге келеді. Табиғатынан зерек әрі талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары көзі ашық ауыл адамдарынан сауатын ашып, хат таниды да, кейін жақын маңдағы ауыл мектебінде оқиды. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныпты орысша-қазақша училищеде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте білім алады.

Ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының артында аса мол әдеби, ғылыми еңбектер қалды. Ол өз заманында әрі ақын, әрі аудармашы, әрі ғалым ретінде танылды. Ахметтің 1909 жылы Петербург қаласында "Қырық мысал" деген атпен жарық көрген алғашқы кітабына негізінен орыс мысалшысы И.Крыловтан аударған аударма мысалдар жинақталды. Бұрын мысал арқылы тұспалдап айтылған ойларын Ахмет 1911 жылы Орынбор қаласында шыққан "Маса" атты өлеңдер жинағында өз сөзімен ашықтан-ашық жария етті.




## Оқуға Шақыру

Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!  
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!  
Шақырды тауық мана әлдеқашан,  
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.  
Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,  
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:

Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,  
Барады аралар да ұшып балға.  
Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың  
орман,  
Оянып жан-мақұлық түнде қонған,  
Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы;  
Сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған.  
Өзенде балықшылар ау қарап жүр,  
Тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған.  
«Аллалап», ал кітапты қолдарыңа!  
Құлдарын Құдай сүймес жалқау  
болған.

## Тарту

Балалар, бұл жол басы даналыққа,  
Келіңдер, түсіп, байқап, қаралық та.  
Бұл жолмен бара жатқан өзіңдей көп,  
Соларды көре тұра қалалық па?!  
Даналық — өшпес жарық, кетпес  
байлық,  
Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!



- Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт Петербургте жарық көрде. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой санасын оятуға бар жігер қайратын, білімін жұмсайды
- Байтұрсыновтың екінші кітабы «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады.





Кеңес өкіметі тұсындағы коммунистік идеология аласапыранының салдарынан 1929 жылы жазықсыз ұсталып, ұзақ уақыт түрме мен лагерь азабын тартқан Ахмет, 1936 жылы елге қайтып оралғанымен, 1937 жылы қайта тұтқындалып, 1938 жылы атылады.

Алаш қозғалысының көсемі ретінде "халық жауы" деп атылған А.Байтұрсыновтың есімі де, шығармалары да көпке дейін жұртшылық үшін жабық болды. Тек тәуелсіз Қазақстан жағдайында ғана ақынның шығармалары жарық көрді, мұралары зерттеле бастады. 1988 жылы ақталғаннан кейін А.Байтұрсынұлы шығармаларының жинағы (1989), "Ақ жол" кітабы (1991) жарық көрді.

Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет  
қыламын деген қазақ балалары қазақ  
жұмысына қолынан келгенше қарап  
тұрмай кірісіп істей берсе – ұлт  
жұмысы ұлғайып, толықпақшы.

Ахмет Байтұрсынұлы



**Ахмет Байтұрсыновқа арналған ескерткіштер**



**Назарларыңызға рахмет!!!**